

«Качары кені» акционерлік қоғамы

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы
28 маусымдағы No 404 бұйрығына сәйкес арнайы мақсаттағы
қаржылық ақпарат және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

**2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жағдай
бойынша**

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қаңары кені» АҚ акционерге және директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікірімізше, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күні аяқталған жыл үшін «Қаңары кені» АҚ (бұдан әрі - «Компания») арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігі барлық маңызды жағынан Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына сәйкес дайындалған.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесі қамтитын арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- №1-Б (баланс) нысан – 2024 жылғы 31 желтоқсанындағы бухгалтерлік баланс;
- №2-ПЗЕ нысан – көрсетілген күні аяқталған жылға пайдалар мен залалдар туралы есеп;
- №4-АҚҚ-Ж нысан – көрсетілген күні аяқталған жылға ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс);
- №5-КӨ нысан – көрсетілген күні аяқталған жылға капиталдағы өзгерістер туралы есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертулер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша Біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары кеңесі (ХБЭСК кодексі) шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарына сәйкес қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы біздің арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын этикалық талаптарына сәйкес Компанияға тәуелсіз болып табыламыз. Біз арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын ХБЭСК кодексінің басқада этикалық міндеттерімізді және Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына сәйкес этикалық міндеттерімізді орындадық.

Маңызды оқиғалар – Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігін дайындау негізі

Біз берілген арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігін дайындау негізі көрсетілген түсіндірме жазбасындағы 2-Ескертпеге назар аударамыз. Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік тек Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі туралы Заң және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық есептілігі депозитарийінде орналастыру алдында міндет атқару мақсатында дайындалған. Демек, бұл арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігі басқа мақсаттарға сәйкес келмеуі мүмкін. Біз бұл мәселе бойынша өзгертілген пікір білдірмейміз.

Өзге мәселелер

Компания ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес 2024 жылдың 31 желтоқсаны аяқталған жылға қаржылық есептілігін дайындады. Біз ол есептілік бойынша 2025 жылдың 24 маусымда акционерге және директорлар кеңесіне арналған тәуелсіз аудитордың жеке аудиторлық есебін шығардық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар, арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау үшін жауапты.

Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Аудитордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі кепілдікті білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит әрқашан олар болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық осы әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз, немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс» атынан

Price waterhouse coopers



Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс»
(Қазақстан Республикасының Қаржылық
министрлігінің 21 қазан 1999 жылғы
№ 0000005 Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:



Салават Калибеков
Орындаушы аудитор
(Аудитордың 8 тамыз 2013 жылғы
№ МФ-0000153 біліктілік куәлігі)

2025 жылғы 30 шілде
Астана, Қазақстан

**Бухгалтерлік баланс
2024 жылғы есепті кезең**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 1 - Б (баланс)

Кезеңділік: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қахары кені» акционерлік қоғамы

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдай бойынша

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	мың теңгеде	
		Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
Активтер			
I. Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаты және оның баламалары	010	132,519	290,327
Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржы активтері	011	617	200
Қысқа мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	012	-	-
Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	013	-	-
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	014	-	-
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	015	4,526	3,655
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016	59,664,579	49,118,142
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	017	1,445,073	929,447
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	018	-	-
Ағымдағы табыс салығы	019	2,095,036	909,476
Қорлар	020	27,188,900	28,911,250
Биологиялық активтер	021		
Өзге де қысқа мерзімді активтер	022	3,598,093	4,210,257
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-022 аралығындағы жолдардың сомасы)	100	94,129,343	84,372,754
Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)	101	-	-
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер	110	183	67
Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	111	-	-
Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	112	1,163	1,163
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	113	-	-
Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар	114	-	-
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	115	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	116	1,804,095	1,804,095
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	117	-	-
Жалдау бойынша ұзақ қысқа мерзімді дебиторлық берешек	118	-	-
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер	119	-	-
Инвестициялық мүлік	120	630,271	775,086
Негізгі құралдар	121	122,722,226	139,594,281
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	122	3,142,896	2,988,414
Биологиялық активтер	123	-	-
Барлау және бағалау активтері	124	-	-
Материалдық емес активтер	125	125,524	27,623
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	126	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	127	4,332,756	15,579,462
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-127 аралығындағы жолдардың сомасы)	200	132,759,114	160,770,191
Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)		226,888,457	245,142,945

Бухгалтерлік баланс

мың теңгеде

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
Міндеттеме және капитал			
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	211	-	-
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	212	-	-
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	213	141,823	141,823
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	214	36,406,812	35,857,957
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	-	-
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	216	-	-
Қызметкерлерге сыйақылар	217	2,105,273	1,783,768
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	218	718,356	580,923
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219	76,513	119,715
Мемлекеттік субсидиялар	220	-	-
Төленетін дивидендтер	221	-	-
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	222	3,121,551	2,262,613
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-222 аралығындағы жолдардың сомасы)	300	42,570,328	40,746,799
Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері	301		
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	311	-	-
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	312	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	313	213,659	349,187
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	314	48,394,268	45,209,749
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	315	1,231,999	972,107
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	316	7,728,102	7,513,201
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	317	572,390	347,766
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	318	1,507,967	1,708,854
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	319	-	-
Мемлекеттік субсидиялар	320	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	321	-	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-321 аралығындағы жолдың сомасы)	400	59,648,385	56,100,864
V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	111,898,799	111,898,799
Эмиссиялық кіріс	411	-	-
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	412	-	-
Өзге жиынтық табыстың құрауыштары	413	(71,202)	(135,509)
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	414	22,306,170	45,996,015
Өзге капитал	415	(9,464,023)	(9,464,023)
Меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410- 415 аралығындағы жолдардың сомасы)	420	124,669,744	148,295,282
Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі	421	-	-
Капиталдың барлығы (420-жол + 421-жол)	500	124,669,744	148,295,282
Баланс (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)		226,888,457	245,142,945

Басшы, Дитовченко Георгий Александрович

(теп, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер Агапова Татьяна Николаевна

(теп, аты, әкесінің аты)

Мер орны

(қолы)

(қолы)



**Пайдалар мен залалдар туралы есеп
2024 жылғы есепті кезең**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық

есептілік депозитарийіне

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 2 – ПЗЕ

Кезеңділік: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан
кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қахары кені» акционерлік қоғамы

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңге	мың теңгеде
			Алдағы кезеңге
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	010	131,091,484	122,348,263
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	011	119,621,738	103,730,432
Жалпы пайда (010-жол – 011-жол)	012	11,469,746	18,617,831
Сату бойынша шығыстар	013	40,351	33,927
Әкімшілік шығыстар	014	4,382,043	4,577,504
Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012-014 аралығындағы жолдар)	020	7,047,352	14,006,400
Қаржылық кірістер	021	279,814	13,320,453
Қаржылық шығыстар	022	4,172,288	2,778,943
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023	-	-
Өзге кірістер	024	2,848,221	4,011,651
Өзге шығыстар	025	29,957,959	13,849,478
Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-025 аралығындағы жолдар)	100	(23,954,860)	14,710,083
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер +))	101	265,015	(3,955,885)
Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	200	(23,689,845)	10,754,198
Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал)	201	-	-
Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200-жол + 201-жол):	300	(23,689,845)	10,754,198
негізгі ұйымның меншік иелері		-	-
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі		-	-
Өзге де жиынтық табыс, барлығы (420 және 440 сома):	400	64,307	(7,889)
оның ішінде:		-	-
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау	410	-	-
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	411	-	-
мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшерлемесін өзгеру әсері	412	-	-
ақша ағындарын хеджирлеу	413	-	-
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414	-	-
шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	415	-	-
өзге жиынтық табыстың өзге де құрауыштары	416	-	-
пайда (залал) құрамында қайта жіктеу кезіндегі түзету	417	-	-
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	418	-	-
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергендегі) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (410-418 аралығындағы жолдардың сомасы)	420	-	-

Пайдалар мен залалдар туралы есеп

мың теңгеде

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңге	Алдағы кезеңге
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431	-	-
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	432	-	-
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	433	80,384	(9,861)
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	434	(16,077)	1,972
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау	435	-	-
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (431-435 аралығындағы жолдардың сомасы)	440	64,307	(7,889)
Жалпы жиынтық табыс (300-жол + 400-жол)	500	(23,625,538)	10,746,309
Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс:		-	-
негізгі ұйымның меншік иелері		-	-
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі		-	-
Акцияға арналған пайда:	600	-	0.096
оның ішінде:		-	-
Акцияға арналған базалық пайда:		-	-
жалғасатын қызметтен		-	0.096
тоқтатылған қызметтен		-	-
Акцияға арналған ажыратылған пайда:		-	-
жалғасатын қызметтен		-	-
тоқтатылған қызметтен		-	-

Басшы Литовченко Георгий Александрович

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

Бас бухгалтер Агапова Татьяна Николаевна

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

Мөр орны



**Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)
есепті кезең 2024 жыл**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 4-АҚҚ-Ж

Кезеңділік: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қахары кені» акционерлік қоғамы

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

мың теңгеде

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы			
салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	010	(23,954,860)	14,710,083
негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы	011	43,099,477	30,984,024
гудвилдің құнсыздануы	012	-	-
сауда және өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы	013	142,157	921,397
сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнына дейін сатуға арналған активтердің (немесе шығарылатын топтың) құнын есептен шығару	014	-	-
негізгі құралдарды шығарудан залал (пайда)	015	(278,548)	(45,384)
инвестициялық мүліктен залал (пайда)	016	-	-
қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (пайда)	017	-	-
пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетумен әділ құны бойынша көрсетілетін өзге қаржы активтерінен залал (пайда)	018	-	-
қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер)	019	3,892,474	(10,541,510)
қызметкерлерге сыйақылар	020	407,894	23,532
үлестік құралдарымен сыйақылар бойынша шығыстар	021	-	-
кейінге қалдырылған салықтар бойынша кіріс (шығыс)	022	-	-
іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма	023	10,277,152	(1,284,271)
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	024	-	-
жалпы жиынтық кірістің (залалдың) өзге ақшалай емес операциялық түзетулері	025	1,351,429	(136,487)
Жалпы жиынтық кірісті (залалды) түзету жиыны, барлығы (+/- 011-025 аралығындағы жолдар)	030	58,892,035	19,921,301
қорлардағы өзгерістер	031	450,090	8,809,142
резервтің өзгерістері	032	-	-
сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер	033	(11,551,209)	(36,237,719)
сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	034	(4,811,668)	(790,205)
салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер	035	714,976	111,658
өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер	036	-	-
Операциялық активтер мен міндеттемелер қозғалысының жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 аралығындағы жолдар)	040	(15,197,811)	(28,107,124)
төленген сыйақылар	041	(222,848)	(200,283)
алынған сыйақылар	042	122,328	218,188
төленген табыс салығы	043	(1,800,253)	(2,242,416)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол +/- 030-жол +/- 040-жол +/- 041-жол +/- 042-жол +/- 043-жол)	050	17,838,591	4,299,749

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)

мың теңгеде

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (061-072 аралығындағы жолдардың сомасы)	060	448,759	25,526,048
оның ішінде:		-	-
негізгі құралдарды сату	061	446,259	1,258,048
материалдық емес активтерді сату	062	-	-
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	063	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сату	064	-	-
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сату	065	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде сату	066	-	-
ақша салымдарын алып қою	067	2,500	3,000
өзге де қаржы активтерін сату	068	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	069	-	-
алынған дивидендтер	070	-	-
алынған сыйақылар	071	-	-
өзге түсімдер	072	-	24,265,000
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (081-092 аралығындағы жолдардың сомасы)	080	4,832,324	22,635,739
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	081	4,829,324	22,633,739
материалдық емес активтерді сатып алу	082	-	-
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	083	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін сатып алу	084	-	-
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу	085	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу	086	-	-
ақша салымдарын орналастыру	087	3,000	2,000
өзге қаржы активтерін сатып алу	088	-	-
қарыздар беру	089	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	090	-	-
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	091	-	-
өзге төлемдер	092	-	-
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (060-жол – 080-жол)	100	(4,383,565)	2,890,309

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)

Керсеткіштердің атауы	Жол коды	мың теңгеде	
		Есепті кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (111-114 аралығындағы жолдардың сомасы)	110	-	-
оның ішінде:			
акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы	111	-	-
қарыздар алу	112	-	-
алынған сыйақылар	113	-	-
өзге түсімдер	114	-	-
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (121- 125 аралығындағы жолдардың сомасы)	120	13,610,505	6,931,092
оның ішінде:		-	-
қарыздарды өтеу	121	-	-
сыйақы төлеу	122	-	-
дивидендтерді төлеу	123	-	-
ұйымдардың акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер	124	-	-
өзге де шығарулар	125	13,610,505	6,931,092
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (110-жол – 120-жол)	130	(13,610,505)	(6,931,092)
4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері	140	(2,329)	1,688
5. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының баланстық құнындағы өзгерістер әсері	150	-	-
6. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (050-жол +/- 100-жол +/- 130-жол +/- 140-жол +/- 150-жол)	160	(157,808)	260,654
7. Есепті кезеңнің басында ақша қаражаты мен олардың баламалары	170	290,327	29,673
8. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	180	132,519	290,327

Басшы Литовченко Георгий Александрович

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

Бас бухгалтер Агапова Татьяна Николаевна

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

Мөр орны



**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп
есепті кезең 2024 жыл**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне
Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 5-КӨ
Кезеңділік: жылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей
Ұйымның атауы: «Қаңары кені» акционерлік қоғамы

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

мың теңгеде

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақы- ланбай- тын меншік иелері- нің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмис- сия- лық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құралдар	Өзге жиынтық кіріс құрауыш- тары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо	010	111,898,799	-	-	(127,620)	35,241,817	(9,464,023)	-	137,548,973
Есептік саясаттағы өзгеріс	011	-	-	-	-	-	-	-	-
Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)	100	111,898,799	-	-	(127,620)	35,241,817	(9,464,023)	-	137,548,973
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):	200	-	-	-	(7,889)	10,754,198	-	-	10,746,309
Бір жылдағы пайда (залал)	210	-	-	-	-	10,754,198	-	-	10,754,198
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (221-229 аралығындағы жолдардың сомасы):	220	-	-	-	(7,889)	-	-	-	(7,889)
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	221	-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	222	-	-	-	-	-	-	-	-
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	223	-	-	-	-	-	-	-	-

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңгеде

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақы- ланбай -тын меншік иелері- нің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмис- сия- лық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құралдар	Өзге жиынтық кіріс құрауыш- тары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістегі (шығындағы) үлесі	224	-	-	-	-	-	-	-	-
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	225	-	-	-	(7,889)	-	-	-	(7,889)
кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістің әсері	226	-	-	-	-	-	-	-	-
ақша ағындарын (салық тиімділігін шегергенде) хеджирлеу	227	-	-	-	-	-	-	-	-
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	228	-	-	-	-	-	-	-	-
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	229	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-318 аралығындағы жолдардың сомасы):	300	-	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-	-
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы	310	-	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда		-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің жарналары	311	-	-	-	-	-	-	-	-
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	312	-	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдарды шығару	313	-	-	-	-	-	-	-	-

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңгеде

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақыланбай-тын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құрал-дар	Өзге жиынтық кіріс құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегергенде)	314	-	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	315	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	316	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен өзге де операциялар	317	-	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	318	-	-	-	-	-	-	-	-
Өзге де операциялар	319	-	-	-	-	-	-	-	-
Есепті жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол+319-жол)	400	111,898,799	-	-	(135,509)	45,996,015	(9,464,023)	-	148,295,282
Есептік саясаттағы өзгеріс	401	-	-	-	-	-	-	-	-
Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)	500	111,898,799	-	-	(135,509)	45,996,015	(9,464,023)	-	148,295,282
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):	600	-	-	-	64,307	(23,689,845)	-	-	(23,625,538)
Бір жылғы пайда (залал)	610	-	-	-	-	(23,689,845)	-	-	(23,689,845)
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (621-629 аралығындағы жолдардың сомасы):	620	-	-	-	64,307	-	-	-	64,307
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	621	-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	622	-	-	-	-	-	-	-	-

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңгеде

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақы- ланбай- тын меншік иелері- нің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционер- лік) капитал	Эмис- сия- лық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құралдар	Өзге жиынтық кіріс құрауыш- тары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегергенде)	623	-	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	624	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	625	-	-	-	64,307	-	-	-	64,307
Меншік иелерімен өзге де операциялар	626	-	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	627	-	-	-	-	-	-	-	-
Өзге де операциялар	628	-	-	-	-	-	-	-	-
Есепті жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол+319-жол)	629	-	-	-	-	-	-	-	-
Есептік саясаттағы өзгеріс	700	-	-	-	-	-	-	-	-
Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)		-	-	-	-	-	-	-	-
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):	710	-	-	-	-	-	-	-	-
Бір жылғы пайда (залал)		-	-	-	-	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (621-629 аралығындағы жолдардың сомасы):		-	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:		-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)		-	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)		-	-	-	-	-	-	-	-

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңгеде

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құралдар	Өзге жиынтық кіріс құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Меншік иелерінің жарналары	711	-	-	-	-	-	-	-	-
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	712	-	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдар шығару	713	-	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін алып тастағанда)	714	-	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	715	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	716	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен өзге де операциялар	717	-	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	718	-	-	-	-	-	-	-	-
Өзге де операциялар	719	-	-	-	-	-	-	-	-
Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол+719 жол)	800	111,898,799	-	-	(71,202)	22,306,170	(9,464,023)	-	124,669,744

Басшы Литовченко Георгий Александрович

(тегі, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер Астапова Татьяна Николаевна

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

(қолы)



1 Компания және оның негізгі қызметі

«Қаңары кені» акционерлік қоғамы («Компания») өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Компания «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамының («ССКӨБ» АҚ) құрамынан бөліну жолымен құрылды.

Бас компания «ССКӨБ» АҚ болып табылады. Соңғы бақылау тарабы Eurasian Resources Group S.à.r.l. («ERG»; ERG өзінің еншілес компанияларымен бірге - бұдан әрі «ERG тобы» деп аталады).

Компанияның негізгі қызметі - қатты пайдалы қазбаларды өндіру.

Компания жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополия субъектілеріне жатады.

Заңды мекенжайы: 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 26 үй.

2 Арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратты дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

Арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат Компанияның 31 желтоқсанда аяқталған 2024 жылғы ақпараттарды қамтиды. Ол Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту» туралы № 404 бұйрығы мен оған өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрығы талаптарына сай әзірленді. Осы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат тек қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржылық есептілік депозитарийіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатымен дайындалған. Компания арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратты дайындау кезінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2025 жылғы 24 маусымда дайындалған Компанияның жеке қаржылық ақпаратында ХҚЕС бухгалтерлік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес есеп саясатын қолданды.

Қызметтің үздіксіздігі қағидаты

ERG Менеджерлер Кеңесі 2026 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңдегі қолжетімді өтімділікті қарастырды. Қарастырылып отырған кезеңде ERG тобы жеткілікті ақша қаражатын ұстап тұру және қарызды өтеу үшін ақша ағынын қалыптастырады деп болжайды.

ERG тобы өзінің қаржылық жағдайын үнемі бақылауда ұстайды, бұл операциялық қызметті қолдау және кредиттік келісімдер бойынша ковенанттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті өтімділік қорын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қолданылатын ковенанттарды сақтады.

ERG тобы ВТБ Банкімен (АҚ) кредиттік келісімді қайта құрылымдауды сәтті аяқтады және Сбербанк Ресей мен ВТБ Банкімен (АҚ) қолданыстағы кредиттік келісімдер бойынша төлемдерді қолданыстағы барлық заңдар мен ережелерге сәйкес қайта бастады.

ERG тобы негізгі нарықтарындағы шикізат тауарлары бағасына тәуелділігін, валюта бағамдарының құбылмалығына ұшырау қаупін және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру тарту мүмкіндігін түсінеді.

Шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті жеткілікті өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында ERG тобы операциялық тиімділікке, айналым капиталын жақсартуға және күрделі шығындар бюджетін бөлуде үнемі назар аударуды қамтамасыз етеді.

Қарастырылып отырған кезең ішінде жеткілікті өтімділікті қолдау үшін белгілі бір жақсартулар, қажет болған жағдайда, басқарушылық араласулар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін еді, олардың іске асырылуын ERG тобының басшылығы өте ықтимал деп бағалады. Бұл шаралар жалпы сомасы шамамен 540 миллион АҚШ долларына дейінгі операциялық шығындарды азайту және күрделі шығындарды қысқарту бастамаларын жүзеге асыруды қамтиды, бұл ERG тобының бақылау аясында болжауға болады.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда, ERG тобы қосымша қаржыландыру тарту мүмкіндігіне де ие, оның жалпы сомасы әртүрлі алдын ала келісімдер немесе кейінгі кезеңдегі талқылаулар негізінде шамамен 240 миллион АҚШ долларына дейін жетуі мүмкін.

Осылайша, ERG менеджерлері Топтың жақын болашақта операциялық қызметін жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алатынына сенімді. Сондықтан Компанияның басшылығы да Компанияның қазіргі жағдайында өз қызметін жақын болашақта жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алатынын және осы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратты қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындау орынды екенін есептейді.

2 Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік дайындау негізі және есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Жаңа стандарттар

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттар мен интерпретацияларға түзетулер қабылдау, Компанияға айтарлықтай әсер еткен жоқ. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттардың, интерпретациялардың немесе түзетулердің ешқайсысын қолданған жоқ. Компания жаңа стандарттардың, стандарттарға түзетулердің және шығарылған, бірақ әлі күшіне енген интерпретациялардың ықтимал әсерін бағалайды.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілік ұсыну валютасы

Егер басқаша көрсетілмесе, осы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратта ұсынылған барлық сандық деректер қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетіледі. Компанияның функционалдық валютасы - теңге.

Шетел валютасындағы операциялар

Есепті күндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген Компанияның ақша активтері мен міндеттемелері осы күнге бекітілген Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») ресми айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептелді. Шетел валютасындағы операциялар бастапқы тану кезінде операция жасалған күнге ҚҚБ айырбастау бағамымен ескеріледі. Кейіннен, Компанияның шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу айдың соңындағы ҚҚБ бағамы бойынша ай сайынғы негізде жүзеге асырылады. Осы операциялар бойынша есеп айырысу күніне, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары 525.11 теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 454,56 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық бақылау ережелері қолданылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

3 Маңызды есептік бағалар және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пайымдаулар

Компания келесі қаржылық кезеңдегі есептелген активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдар жасайды. Бағалау мен пайымдау үнемі сыни талдауларға ұшырайды және басшылықтың алдыңғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда дәлелді деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Компания басшылығы есеп саясатын қолдану барысында бағалауды талап ететіндерден бөлек өзге пайымдауларды қолданады. Арнайы мақсаттағы қаржылық ақпаратта көрсетілген сомаларға ең маңызды әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржылық кезеңдегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулер енгізу қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалаулар төмендегіні қамтиды:

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары

Компанияның темір кенін өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану келісімшарты 2040 жылы аяқталады. Компания басшылығы келісімшарт 2058 жылы күтілетін кен орнының пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін номиналды құны бойынша ұзартылады деп күтеді. Осы қаржылық есептілікте негізгі құралдардың тозуы бойынша шығыстар мен баланстық құны және активтерді жою жөніндегі міндеттеме жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт кен орнының пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады деген болжам негізінде көрсетілген. Компания жер қойнауын пайдалану жөніндегі қолданыстағы заңнамаға және келісімшарт талабына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты ұзартуға құқылы деп санайды.

Тау-кен активтері мен минералдық қорлардың пайдалы қызметін бағалау мерзімдері

Негізгі құралдардың құрамындағы тау-кен активтері дәлелденген және ықтимал минералды қорлардың негізінде өндірістік әдіспен карьердің пайдалы қызметінің тиісті мерзімі ішінде амортизацияланады.

3 Маңызды есептік бағалар және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Кен қорының бағасы кезеңнен кезеңге қарай өзгеруі мүмкін. Бұл Компанияның қаржылық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Қорлардағы мұндай өзгерістер тозудың есептелуіне, активтердің баланстық құнына және активтерді жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтердің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

Компанияның кен қорларының бағасы технологиялық және экономикалық тұрғыдан негізделуі мүмкін және тиісті тау-кен активінен заңды түрде бекітілген құқықтар негізінде өндірілетін өнімнің үздік бағасына сүйенеді. Баға кеннің мөлшері мен сұрыптарын, өндірудің өндірістік технологиялар мен нормаларын, болжамды тауарлық бағалар мен өндірістік шығыстарды қоса алғанда, бірқатар факторлардың ескерілуімен қалыптастырылған.

Кен қорларының бағасы, негізінен, барлау нәтижелері, минералды қорлар және кен қорлары туралы есептіліктің Австралазиялық кодексі негізінде есептеледі («JORC» Кодексі, 2012), ол негізделген болжамдарды қолдануды талап етеді, соның ішінде:

- дәлелденген және болжамды қорларды, қорларды бағалауды және кеңейту міндеттемелерін қамтитын болашақ өндірістің бағалары;
- қолданыстағы нарықтық бағаға негізделген болашақ тауарлық бағалар, форвардтық бағалар және Компанияның ұзақ мерзімді орташа бағасын бағасы; және
- өндірістің болашақ ақшалай шығыстары, инвестициялар және қалпына келтіру міндеттемелері.

Қаржылық кепілдіктердің құнын бағалау

Компания қаржылық кепілдіктердің әділ құнын анықтау үшін кредиттік своп әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны қарыздың кепілдік берілген сомасының, пайыздық мөлшерлемесін және тәуекел көрсеткіштерінің есебімен есептеледі. Компания басқа кепілгерлермен толық ынтымақты жауапкершілікте болатын кредиттік шарттар үшін нарықтық комиссия ұқсас кредиттік тәуекелдерге ұшырауын, кредиттік-дефолттық своптардың есебімен айқындалады және кепілгерлер арасында бөлінеді. Бұл компанияның берілген кепілдіктермен байланысты несиелік тәуекелге ұшырауына басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Басшылық Компанияның кепілдендірілген міндеттемелерді өтеуге мәжбүр болатынын екіталай деп санайды. Басшылықтың бұл шешімі ERG тобының қызметі үздіксіздігінің бағасына негізделген. Кепілдіктердің құны бірлескен кепілгер компанияларының таза активтерінің әділ құны негізінде бірлескен кепілгерлер арасында бөлінеді.

Активтердің құнсыздануы

Компания «ССКӨБ» АҚ – мен қатар «Темір дивизионы» ақша қаражатын өндіретін бірлікке (бұдан әрі - АҚӨБ) кіреді. АҚӨБ қызметінің негізгі түрлері темір кенін, доломитті өндіру және өңдеу және флюстелген теміркені шекемтастарын, теміркені концентратын, тауарлық доломит пен қиыршықтасты өндіру болып табылады. Әрбір есептік кезеңнің соңында ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін АҚӨБ бағалау жүргізіледі. Ішкі және сыртқы факторларды талдауға сүйене отырып, басшылық есепті кезеңнің соңында АҚӨБ құнсыздану белгісінің болуын анықтады-дайын өнімді сатудың болжамды көлемінің төмендеуі. Жүргізілген құнсыздану тестінің қорытындысы бойынша Компания негізгі құралдардың құнсыздануынан 9,428,488 мың теңге мөлшерінде шығынды мойындады, өйткені активтердің/АҚӨБ өтелетін құны олардың баланстық құнынан асып түсті (2023 жыл: құнсызданудан болған шығынды мойындамады). Шығу шығындарын шегергендегі активтердің әділ құнын бағалау кезіндегі негізгі жорамалдар (иерархия деңгейі 3):

- болжамды кезең: 10 жыл
- өнімнің бағасы басшылықтың ішкі болжамдарына, сондай-ақ осы салалық нарық үшін тәуелсіз сараптамалық агенттіктердің болжамдарына негізделген;
- ұзақ мерзімді шығындар болашақ инфляция мөлшерлемелеріне түзетілген ағымдағы операциялық қызмет көрсеткіштеріне сәйкес белгіленеді және ол қолданылатын жерде негізгі кіріс шығындарында күтілетін өзгертулер;
- Қазақстанның ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемелері, жылдық 5% деңгейінде және сыртқы болжамдарға сәйкес жылдық 2.0% деңгейінде АҚШ инфляциясының ұзақ мерзімді мөлшерлемесі;
- салықтан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі жылдық 14.25 пайызды құрайды және капитал құнын анықтау моделі негізінде есептелген.

3 Маңызды есептік бағалар және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пайымдаулар(жалғасы)

Болжамды сату көлемінің 1% ұлғаюы (немесе азаюы), басқа айнымалылар өзгермеген жағдайда, өтелетін құнның тиісінше шамамен 8,704,694 (немесе 8,617,363) мың теңгеге азаюына (немесе ұлғаюына) әкеп соғады. Темір кенінің болжамды нарықтық бағасының 1% ұлғаюы (немесе азаюы), басқа айнымалылар өзгермеген жағдайда, өтелетін құнның тиісінше 9,428,488 (немесе 12,466,709) мың теңгеге азаюына (немесе ұлғаюына) әкеп соғады.

Компанияның 2024 жылғы ұзақ мерзімді активтерінің жеке құнсыздануы 9 және 10 -ескертпеде келтірілген.

Салық заңнамасы және трансферттік баға белгіленімі туралы заңнама

Қазақстандық салық заңнамасы мен трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама әртүрлі интерпретацияларға ұшырайды.

4 Байланысты тараптармен жасалған есеп ауыстырулар мен операциялар

Бас компания: ақпарат 1-Ескертпеде көрсетілген.

Жалпы бақылаудағы компаниялар: ERG бақылауындағы компаниялар.

Б класындағы Менеджерлердің бақылауындағы компаниялар: Б класындағы Менеджерлер және олардың бақылауындағы барлық компаниялар Б класындағы Менеджерлердің ERG-дің жай акцияларына жанама иеленуінің ету нәтижесінде Компанияның байланысты тараптары болып табылады. Б класының Менеджерлері ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар: Қазақстан Республикасы және онымен байланысты заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасы ERG-ге елеулі ықпал ету негізінде Компанияның байланысты тарабы болып табылады.

Негізгі басшылық: тікелей немесе жанама түрде Компанияның жұмысын жоспарлауға, үйлестіруге және бақылауға өкілеттігі бар және жауапты адамдар.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған операциялардың қалдықтар берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Бас компания	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Б класындағы менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер					
Сауда және өзге де дебиторлық берешек*	57,184,987	3,903,610	40,154	197,869	-
Әділ құнды инвестициялар	-	1,163	-	-	-
Ақша қаражаты және ақша баламалары	-	-	132,344	-	-
Өзге айналым активтері	-	-	4,526	-	-
Өзге айналымнан тыс активтер	-	-	1,804,095	-	-
Міндеттемелер					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	5,199,086	4,155,060	95,655	96,147	17,174
Қаржылық кепілдіктер	355,482	-	-	-	-

*Жалпы бақылаудағы компаниялар бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві 1,023,888 мың теңгені құрайды.

4 Байланысты тараптармен жасалған есеп ауыстырулар мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2023 жылы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Б класындағы менеджер- лердің бақылау- ындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер					
Сауда және өзге де дебиторлық берешек*	46,006,648	3,841,210	130,578	220,279	-
Әділ құнды инвестициялар	-	1,163	-	-	-
Ақша қаражаты және ақша баламалары	-	-	290,072	-	-
Өзге айналым активтері	-	-	3,655	-	-
Өзге айналымнан тыс активтер	-	-	1,804,095	-	-
Міндеттемелер					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	9,849,971	7,703,676	95,911	345,94	5,424
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	-	-	1,414	-
Қаржылық кепілдіктер	491,009	-	-	-	-

*Байланысты Тараптар бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві 936,898 мың теңгені құрайды.

Төменде 2024 жылы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Б класындағы менеджер- лердің бақылау- ындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	129,925,245	742,614	-	395,761	-
Сатудың өзіндік құны	(8,738,348)	(14,087,901)	(1,237,756)	(1,730,141)	-
Сату шығыстары	(4,940)	(9,162)	-	(269)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар*	(137,113)	(2,429,828)	(57,621)	(42,598)	(162,159)
Өзге операциялық кірістер	(36,533)	(963,975)	(81,182)	(27)	-
Өзге операциялық шығыстар	1,482,355	1,942,022	241	1,150	-
Қаржылық кірістері	135,527	-	144,287	-	-
Қаржылық шығыстары	-	-	-	(114)	-

*Жалпы бақылаудағы компаниялар бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві 915,213 мың теңгені құрайды.

Төменде 2023 жылы 31 желтоқсан күні байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

Мың қазақстандық теңгемен	Бас компания	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Б класындағы менеджер- лердің бақылау- ындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	121,234,257	1,036,265	-	338,938	-
Сатудың өзіндік құны	(10,005,193)	(12,594,292)	(619,879)	(1,034,787)	-
Сату шығыстары	(85)	(8,518)	-	(268)	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар*	(908,720)	(2,124,570)	(50,346)	(24,888)	(78,989)
Өзге операциялық кірістер	(41,202)	(844,962)	(88,654)	(13,822)	-
Өзге операциялық шығыстар	606,604	3,719,798	230	1,150	-
Қаржылық кірістері	135,157	13,010,934	174,362	-	-
Қаржылық шығыстары	-	(236,528)	-	(154)	-

* Жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында 915,213 мың теңге сомасына байланысты тараптарға қатысты сауда дебиторлық берешегі бойынша бағалау резервін қалпына келтіру шығыстары көрсетілген.

4 Байланысты тараптармен жасалған есеп ауыстырулар мен операциялар (жалғасы)

Бас компания

Өзіндік құн, негізінен, тау-кен жұмыстары бойынша қосалқы мердігерлердің қызметтерін, жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді, материалдар мен жиынтықтауыштарды сатып алу болып табылады.

Жалпы бақылаудағы компаниялар

Өзіндік құн, негізінен, агенттік және комиссиялық шығыстармен, жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерімен, электр энергиясын сатып алумен көрсетіледі. Компания демеушілік көмек көрсетті.

Б класындағы менеджерлердің бақылауындағы компаниялар

Б класындағы менеджерлердің бақылауындағы компаниялармен есеп айырысу және операциялар, негізінен, Б класындағы менеджерлердің бақылауындағы банк арқылы жүзеге асырылатын қазынашылық операциялар және сақтандыру қызметтері болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар

Компания мемлекеттік кәсіпорындармен тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және сатуды жүзеге асырады. Мұндай мәмілелер, әдетте нарықтық шарттарда немесе нарықтың барлық қатысушылары үшін белгіленген тарифтер негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасымен жасалатын операциялар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын салық операцияларын да қамтиды. Компания электр энергиясын тасымалдау қызметтерін сатып алды.

5 Ақша қаражаты және оның баламалары (баланс жол коды 010)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Қысқа мерзімді депозиттер	130,000	260,000
Банктегі ақша қаражаты	2,519	30,327
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны	132,519	290,327

6 Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (баланс жол коды 016) және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек (баланс жол коды 017)

Мың қазақстандық теңгемен	Жол коды	2024 ж.	2023 ж.
Сауда дебиторлық берешек	016	60,609,877	49,925,764
Жалдау бойынша дебиторлық берешек	017	1,445,073	929,448
Өзге берешек	016	139,940	135,458
Минус: залалды бағалау резервтері	016	(1,085,238)	(943,081)
Сауда және өзге де дебиторлық берешектің және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің жиыны		61,109,652	50,047,589

6 Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (баланс жол коды 016) және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек (баланс жол коды 017) (жалғасы)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж. 31 желтоқсан			2023 ж. 31 желтоқсан		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залал	Баланстық құн	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залал	Баланстық құн
Ағымдағы	15,135,519	(28,383)	15,107,136	13,441,002	(25,746)	13,415,256
Мерзімі 3 айдан кем өткен	42,957,865	(940,173)	42,017,692	34,549,788	(847,776)	33,702,012
Мерзімі 3 айдан 6 айға дейін өткен	2,374,849	(52,152)	2,322,697	2,822,308	(68,760)	2,753,548
Мерзімі 6 айдан 12 айға дейін өткен	1,092,136	(37,907)	1,054,229	531	(13)	518
Мерзімі 12 айдан астам өткен	634,521	(26,623)	607,898	177,041	(786)	176,255
Мерзімі өткен, барлығы	47,059,371	(1,056,855)	46,002,516	37,549,668	(917,335)	36,632,333
Сауда және өзге де дебиторлық берешек (қаржы активтері), барлығы	62,194,890	(1,085,238)	61,109,652	50,990,670	(943,081)	50,047,589

Төменде сауда және өзге де дебиторлық берешек құрамындағы қаржы активтері бойынша залалды бағалау резервіндегі өзгерістер келтірілген:

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
1 қаңтарға залалзалалдарды бағалау резерві	943,081	21,684
Есептеу	142,157	921,397
31 желтоқсанға залалды бағалау резерві	1,085,238	943,081

7 Қорлар (баланс жол коды 020)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Сатып алынған шикізат пен материалдар	11,172,550	12,167,920
Меншікті шикізат және материалдар	1,510,573	2,121,972
Дайын өнім	15,720,370	14,747,444
Басқалары	224,587	1,164
Минус: ескірген және өтімді емес тауарлық-материалдық қорлар бойынша резервтер	(1,439,180)	(127,250)
Қорлардың жиыны	27,188,900	28,911,250

8 Өзге де қысқа мерзімді активтер (баланс жол коды 022) и өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері (баланс жол коды 015)

Мың қазақстандық теңгемен	Жол коды	2024 ж.	2023 ж.
Өтелетін ҚҚС	22	2,279,024	1,862,434
Алдын ала төлемдер	22	1,267,559	2,159,770
Өзге салықтар	22	23,115	98,870
Мерзімді депозиттер	15	4,526	3,655
Алдын ала төленген сақтандыру шығындары	22	27,873	63,934
Өзге активтер	22	522	25,249
Өзге де қысқа мерзімді активтердің және өзге де қысқа мерзімді қаржы активтердің жиыны		3,602,619	4,213,912

9 Негізгі құралдар (баланс жол коды 121)

Мың қазақстандық теңгемен	Ғимараттар мен құрылысжайлар	Машиналар мен жабдық	Көлік құралдары	Өзгелер	Жиыны
2023 ж. 1 қаңтардағы					
баланстық құн	37,690,001	30,447,422	51,957,224	4,882	120,099,529
Түсімдер	-	4,029,948	2,791,643	11,776	6,833,367
Ауыстырулар	1,579,663	9,696,161	25,114,380	69,698	36,459,902
Тауарлық-материалдық қорлардан ауыстыру	-	-	-	-	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	(775,086)	-	-	-	(775,086)
Тозу	(1,449,342)	(8,050,370)	(12,883,959)	(6,883)	(22,390,554)
Есептен шығару	(83,256)	(131,310)	(181,241)	-	(395,807)
Құнсыздану	(183,123)	(53,947)	-	-	(237,070)
2023 ж. 31 желтоқсандағы құны	55,801,739	82,355,163	132,378,027	104,254	270,639,183
Жинақталған тозу және құнсыздану	(19,022,882)	(46,417,259)	(65,579,980)	(24,781)	(131,044,902)
2023 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құн	36,778,857	35,937,904	66,798,047	79,473	139,594,281
Түсімдер	257,786	28,660	5,944	-	292,390
Ауыстырулар	1,514,580	5,770,416	10,449,255	-	17,734,251
Тауарлық-материалдық қорлардан ауыстыру	-	-	-	-	-
Инвестициялық мүліктен көшіру	76,452	-	-	-	76,452
Тозу	(1,739,682)	(7,935,564)	(15,474,992)	(12,409)	(25,162,647)
Есептен шығару	(8)	(32,596)	-	-	(32,604)
Құнсыздану	(1,389,146)	(3,144,147)	(5,245,879)	(725)	(9,779,897)
2024 ж. 31 желтоқсандағы құны	57,650,549	88,121,643	142,833,226	104,254	288,709,672
Жинақталған тозу және құнсыздану	(22,151,710)	(57,496,970)	(86,300,851)	(37,915)	(165,987,446)
2024 ж. 31 желтоқсандағы баланстық құн	35,498,839	30,624,673	56,532,375	66,339	122,722,226

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген негізгі құралдардың баланстық құны 10,017,663 мың теңгені құрайды (31 желтоқсан 2023 ж.: 12,700,103 мың теңгені).

10 Өзге де ұзақ мерзімді активтер (баланс жол коды 127)

Басқа ұзақ мерзімді активтер негізінен аяқталмаған құрылыс нысандарынан тұрады 4,332,756 мың теңге (2023: 15,579,462 мың теңге). Құнсыздануға 7,800,500 мың теңге сомасында «Конвейердің бірінші кезегінің құрылысы» жобасы бойынша ұнтақтау-конвейер кешенінің жабдығының бұзылуынан болған залал кіреді.

11 Өзге де қаржылық міндеттемелер (баланс жол кодтары 213 және 313)

Қаржылық міндеттемелер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып төмендегідей жіктеледі:

Мың қазақстандық теңгемен	Жол коды	2024 ж.	2023 ж.
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдіктер	313	213,659	349,187
Қысқа мерзімді қаржылық кепілдіктер	213	141,823	141,823
Өзге де қаржылық міндеттемелердің жиыны		355,482	491,010

11 Өзге де қаржылық міндеттемелер (баланс жол кодтары 213 және 313) (жалғасы)

Мың қазақстандық теңгемен	Кепілдендірілген міндеттемелер сомасы		Кепілдік аяқталған жыл
	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан	
Компания			
Бас компания	19,254,033	20,834,000	2027
Жиыны	19,254,033	20,834,000	

Қаржылық кепілдіктердің баланстық құны бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалдығын білдіреді.

12 Қысқа мен ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек (баланс жол коды 214 және 314)

Мың қазақстандық теңгемен	Жол коды	2024 ж.	2023 ж.
Ұзақ мерзімді сауда кредиторлық берешек	314	48,394,268	45,209,749
Қысқа мерзімді сауда кредиторлық берешек	214	22,150,844	25,914,200
Төлемі кейінге қалдырылған жабдықты сатып алу міндеттемелері	214	14,238,746	9,926,357
Қаржылық міндеттемелердің жиыны		84,783,858	81,050,306
Өзге де кредиторлық берешек	214	17,222	17,400
Қаржылық емес міндеттемелердің жиыны		17,222	17,400
Қысқа мен ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешектің жиыны		84,801,080	81,067,706

13 Қызметкерлерге сыйақылар беру бойынша міндеттемелер (баланс жол кодтары 217 және 317)

В тысячах казахстанских тенге	Код строки	2024 г.	2023 г.
Қызметкерлердің жыл сайынғы демалыстары мен өзге де сыйақыларының резервтері	217	1,214,629	930,583
Төленетін жалақы	217	837,484	832,764
Белгіленген сыйақы бойынша ұзақ мерзімді міндеттеме	317	572,390	347,766
Белгіленген сыйақы бойынша қысқа мерзімді міндеттеме	217	53,160	20,421
Қызметкерлерге сыйақылар беру бойынша міндеттемелердің жиыны		2,677,663	2,131,534

14 Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер (баланс жол коды 222) және клиенттермен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер (баланс жол коды 219)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Кен өндіру салығы	1,538,828	1,197,303
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	486,849	287,455
Төлем көзінен ұсталатын салық	468,359	214,218
Өзге де салықтар мен төлемдер	329,801	148,456
Зейнетақы қорына төлемдер	192,213	328,508
Жалақыдан басқа аударымдар	105,501	86,673
Алынған аванстар	76,513	119,715
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	3,198,064	2,382,328

15 Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелер (баланс жол коды 315)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Тау-кен активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резерв	966,689	785,799
Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резерв	265,310	186,308
Жиыны	1,231,999	972,107

16 Кейінге қалдырылған салықтық активтер және міндеттемелер (баланс жол кодтары 216 және 316)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж. 1 қаңтар	Пайдаға немесе залалға жатқызылды	Өзге резервтерге жатқызылды	2024 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақыт айырмаларының салықтық әсері				
Тау-кен активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер	(194,422)	(51,978)	-	(246,400)
Тауарлық-материалдық қорлар	(25,450)	(262,386)	-	(287,836)
Демалыс резерві	(186,116)	(70,449)	16,077	(240,488)
Есептелген, бірақ төленбеген салықтар	(348,184)	(106,840)	-	(455,024)
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	(73,638)	(51,472)	-	(125,110)
Дебиторлық берешек құнын төмендетуге арналған бағалау резерві	(188,615)	(28,432)	-	(217,047)
Өзгелер	(2,627,554)	1,800,545	-	(827,009)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы активтер	(3,643,979)	1,228,988	16,077	(2,398,914)
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемесімен есеп айырысу	3,643,979	(1,228,988)	(16,077)	2,398,914
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылған актив	-	-	-	-
Салық салынатын уақытша айырмалардың салықтық әсері				
Негізгі құралдар	8,720,214	(268,539)	-	8,451,675
Өзгелер	2,436,966	(761,625)	-	1,675,341
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы міндеттеме	11,157,180	(1,030,164)	-	10,127,016
Минус: кейінге қалдырылған салық бойынша активпен есеп айырысу	(3,643,979)	1,228,988	16,077	(2,398,914)
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылған міндеттеме	7,513,201	198,824	16,077	7,728,102

16 Кейінге қалдырылған салықтық активтер және міндеттемелер (баланс жол кодтары 216 және 316) (жалғасы)

Мың қазақстандық теңгемен	2023 ж. 1 қаңтар	Пайдаға немесе залалға жатқызылды	Өзге резервтерге жатқызылды	2023 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақыт айырмаларының салықтық әсері				
Тау-кен активтерін жою жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтер	(209,578)	15,156	-	(194,422)
Тауарлық-материалдық қорлар	(28,053)	2,603	-	(25,450)
Демалыс резерві	(216,232)	32,088	(1,972)	(186,116)
Есептелген, бірақ төленбеген салықтар	(256,221)	(91,963)	-	(348,184)
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	(72,961)	(677)	-	(73,638)
Дебиторлық берешек құнын төмендетуге арналған бағалау резерві	(4,336)	(184,279)	-	(188,615)
Берілген қарыздар бойынша дисконт	(2,275,040)	2,275,040	-	-
Өзгелер	(921,014)	(1,706,540)	-	(2,627,554)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы активтер	(3,983,435)	341,428	(1,972)	(3,643,979)
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемесімен есеп айырысу	3,983,435	(341,428)	1,972	3,643,979
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылған актив	-	-	-	-
Салық салынатын уақытша айырмалардың салықтық әсері				
Негізгі құралдар	8,967,132	(246,918)	-	8,720,214
Өзгелер	-	2,436,966	-	2,436,966
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы міндеттеме	8,967,132	2,190,048	-	11,157,180
Минус: кейінге қалдырылған салық бойынша активпен есеп айырысу	(3,983,435)	341,428	(1,972)	(3,643,979)
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылған міндеттеме	4,983,697	2,531,476	(1,972)	7,513,201
Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.		2023 г.	
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер:				
– 12 айдан астам уақыттан кейін өтелуге жататын		(1,361,244)		(2,847,422)
– 12 ай ішінде өтелуге жататын		(1,037,670)		(796,556)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы активтің жиыны		(2,398,914)		(3,643,978)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер:				
– 12 айдан астам уақыт өтегеннен кейін өтелуге жататын		8,451,676		8,720,214
– 12 ай ішінде өтелуге жататын		1,675,340		2,436,965
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы міндеттеменің жиыны		10,127,016		11,157,179

17 Жарғылық (акционерлік) капитал (баланс жол коды 410)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.		2023 ж.	
	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
Жай акциялар	111,898,799,000	111,898,799	111,898,799,000	111,898,799
Акционерлік капиталдық жиыны	111,898,799,000	111,898,799	111,898,799,000	111,898,799

Номинальная стоимость простой акции 1 тенге. Одна простая акция предоставляет право одного голоса и дает право на получение дивидендов.

18 Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім (ПЗЕ жол коды 010)

Төменде өнім бойынша түсімдер келтірілген:

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Темір кені өнімдері	123,362,138	117,255,441
Темір кені өнімдерін тасымалдау	6,435,593	3,869,996
Басқалары	1,293,753	1,222,826
Түсімнің жиыны	131,091,484	122,348,263

19 Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны (ПЗЕ жол коды 011)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	24,120,663	16,960,010
Негізгі құралдардың тозуы	23,097,745	18,865,691
Жалақы және онымен байланысты шығыстар	19,569,884	18,435,085
Жанармай	17,915,184	13,939,023
Шикізат, материалдар және қосалқы бөлшектер	7,592,054	6,743,365
Тау-кен жұмыстары бойынша қосалқы мердігердің қызметтері	6,745,155	7,414,562
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	5,914,010	4,849,853
Негізгі құралдардың құнсыздануы	2,594,345	-
Электр энергиясының шығыстары	2,060,323	1,890,518
Тауарлы-материалдық қорлардың құнсыздануы	1,314,288	(13,013)
Қосалқы бөлшектер	1,266,500	1,221,189
Дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс қорларындағы өзгерістер	(1,196,348)	7,702,534
Басқалары	8,627,935	5,721,615
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының жиыны	119,621,738	103,730,432

20 Әкімшілік шығыстар (ПЗЕ жол коды 014)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Басқарушылық қызметтер	1,454,244	1,747,902
Демеушілік және өзге де қаржылық көмек	1,061,544	525,000
Жалақы және онымен байланысты шығыстар	562,675	545,198
Ақпараттық, консультациялық және өзге де кәсіби қызметтер	315,305	280,183
Дебиторлық берешек бойынша шығындарды бағалау резервін құру	142,157	921,397
Өзге шығыстар	846,118	557,824
Әкімшілік шығыстардың жиыны	4,382,043	4,577,504

21 Қаржылық кірістері мен шығыстары (ПЗЕ жол коды 021, 022)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Пайыздық кірістер	144,287	256,848
Берілген несиелерді мерзімінен бұрын өтеуден түскен табыс	-	10,044,721
Қаржылық кепілдіктерді тануды тоқтатудан түскен таза табыс	-	1,352,703
Өзге кіріс	135,527	1,666,181
Қаржылық кірістерінің жиыны	279,814	13,320,453
Кейінге қалдырылған төлемдер үшін сыйақылар шығыстары	3,704,945	2,772,044
Өзге шығыстар	467,343	6,899
Қаржылық шығыстарының жиыны	4,172,288	2,778,943

22 Өзге кірістер мен шығыстар (ПЗЕ жол коды 024, 025)

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Операциялық жалдаудан түскен кіріс	1,691,750	1,848,388
Тауарлы-материалдық қорларды сатудан түскен таза табыс	778,964	700,833
Бағамдық айырмадан таза пайда	-	956,406
Өзге кірістер	377,507	506,024
Өзге кірістердің жиыны	2,848,221	4,011,651
Негізгі құралдардың және аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан болған залал	15,127,831	8,455,879
Бағамдық айырмашылық бойынша таза шығын	9,163,996	-
Негізгі құралдардың тозуы	2,235,196	3,626,165
Дебиторлық/кредиторлық берешекті индекстеу бойынша таза шығын	1,115,485	-
Ғылыми зерттеулер, бизнесті дамыту және барлау шығындары	910,403	816,476
Негізгі құралдардың тозуы	761,932	668,808
Өзге кірістер	643,116	282,150
Өзге шығыстардың жиыны	29,957,959	13,849,478

23 Табыс салығы бойынша шығыстар (ПЗЕ жол коды 101)

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс-корпоративтік салық	-	1,557,202
Ағымдағы табыс салығын үнемдеу-алдыңғы кезеңдер	(463,839)	(132,793)
Кейінге қалдырылған табыс салығын үнемдеу	198,824	2,531,476
Бір жылдағы табыс салығы бойынша шығыс	(265,015)	3,955,885

Төменде салықтың теориялық және нақты шығыстары арасындағы салыстыру кестесі келтірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Салық салғанға дейінгі пайда	(23,954,860)	14,710,083
20 пайыздық мөлшерлеме бойынша табыс салығы	(4,790,972)	2,942,016
- алдыңғы кезеңдердегі табыс салығы	880,680	1,208,192
- басқа да шегерілмейтін шығыстар	3,645,277	(194,323)
Бір жылдағы табыс салығы бойынша шығыстардың жиыны	(265,015)	3,955,885

24 Шартты және шарттық міндеттемелер

Салық заңнамасы және трансферттік баға белгіленім туралы заңнама

Қазақстандық салық заңнамасы мен тәжірибесі үздіксіз өзгеруде, сондықтан ретроспективті әсер етуі мүмкін түрлі интерпретациялар мен жиі өзгерістерге ұшырайды. Тиісінше, салық органдарының ұйымдағы мәмілелер мен қызметке қатысты салық заңнамасының интерпретациясы ұйым басшылығының интерпретациясымен сәйкес келмеуі мүмкін. Осыған байланысты, салық органдары Компанияның қандай да бір мәмілеге қатысты салықтық ұстанымына дау айтуы және соның салдарынан қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Тексерілген салық кезеңдері қолданыстағы талап қою мерзімі аяқталғанға дейін қазақстандық салық органдары тарапынан ретроспективті тексеру жүргізу үшін ашық. Трансферттік баға белгілеу заңнамасымен байланысты саясатты қоса алғанда, қазақстандық салық органдарының Компания қолданатын саясаттарға дау айту тәуекелінің болуына қарамастан, басшылық даулар туындаған жағдайда өз ұстанымын сәтті қорғай алады деп есептейді, сондай-ақ, салық органдарының әлеуетті талап қою сомасын дәлелді бағалауға болмайтынын атап көрсетеді. Тиісінше, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірленген қаржылық есептілік ықтимал салық міндеттемелері бойынша резервтерді қамтымайды.

Күрделі сипаттағы шарттық міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда 107,461,597 мың теңге сомасында сатып алу бойынша шарттық міндеттемелер болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 127,826,386 мың теңге).

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелер

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін өндірістік нысандардың операторларында нысандарды пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерден басқа, мемлекетке өз міндеттемелерінің орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді беру жөніндегі міндеттеме де туындайды. 2024 жылғы шілдеде жарияланған заңнамадағы өзгертулерге сәйкес қаржылық қамтамасыз етуді беруге қатысты талаптар 2029 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

25 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қаржылық тәуекел факторлары

Компанияның қызметі оны нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі сияқты бірқатар қаржылық тәуекелдерге ұшыратады.

25 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Компания деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарықтарының болжамсыздығына және Компания қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықтимал теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған. Компания белгілі бір тәуекелдерді хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

а) Нарықтық тәуекел

Валюталық тәуекел

Компания өз қызметін халықаралық негізде жүзеге асырады және, негізінен, АҚШ долларына, Еуроға, Ресей рубліне қатысты валюта бағамдарындағы өзгерістерден туындайтын валюталық тәуекелге ұшырайды. Компанияның ақша қаражатының және ақша баламаларының сомалары, мерзімді депозиттері, дебиторлық берешегі, берілген қарыздары, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген кредиторлық берешегі бар және осылайша валюталық тәуекелге ұшырайды. ERG басшылығы ERG жеке позициясын есепке ала отырып, валюталар бойынша және тұтастай алғанда валюталық тәуекел мөлшерін бақылайды.

Болашақ валюталық түсімдер немесе танылған активтер мен міндеттемелер Компанияның функционалдық валютасы болып табылмайтын валютада көрсетілген кезде валюталық тәуекел туындайды. Төмендегі кестеде валюталық тәуекел туындайтын шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы берілген:

Мың қазақстандық теңгемен	АҚШ доллары	Ресей рублі	Жиыны
2024 ж. 31 желтоқсанға Міндеттемелер	(66,772,136)	(526,907)	(67,299,043)
Таза валюталық позиция	(66,772,136)	(526,907)	(67,299,043)
2023 ж. 31 желтоқсанға Міндеттемелер	(60,237,033)	(78,608)	(60,315,641)
Таза валюталық позиция	(60,237,033)	(78,608)	(60,315,641)

Төмендегі кестеде Компанияның функционалдық валютасы үшін есепті кезеңнің соңында пайдаланылатын айырбастау бағамдарының ықтимал өзгерістері нәтижесінде қаржылық нәтиже мен меншікті капиталдың өзгеруі көрсетілген, бұл ретте барлық қалған ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалады.

Мың қазақстандық теңгемен	Пайдаға/(залалға) және меншікті капиталға әсері	
	2024 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан
АҚШ долларының 20%-ға нығаюы/әлсіреуі	(10,683,542)/10,683,542	(9,637,925)/9,637,925

б) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел, негізінен ақша қаражаты мен олардың баламалары, банктердегі мерзімді депозиттер, байланысты тараптарға берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, сондай-ақ өтелмеген дебиторлық берешек пен расталған операцияларды қоса алғанда, клиенттерге қатысты туындайды. Қаржылық кепілдіктерге қатысты Компания байланысты тараптардың міндеттемелеріне кепілдік берді.

ERG Тобының саясаты - жоғары рейтингі бар банктерге немесе өтімділік қорларына бос қаражатты инвестициялау. Компания ақша қаражаты мен депозиттерді орналастыру кезінде жарияланған кредиттік рейтингтері негізінде контрагенттерге жеке кредиттік лимиттер белгілейді. Осы контрагенттердің мониторингі барлық кредиттік тәуекелдерді сандық бағалауды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда олардың алдын алудың тиісті шараларын қабылдау үшін тұрақты негізде жүзеге асырылады. Мұндай тәуекелдерді, оның ішінде жеке кредиттік лимиттер белгілеуді басқару ERG Тобының қаржыландыру, және қазынашылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қаржы мекемелерінде рейтингі жоқ және Ba2 кредиттік рейтингі бар 132,519 мың теңге сомасында ақшалай қаражат пен депозиттер орналастырды (2023 жыл: 290,327 мың теңге).

25 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2024 жылы Компанияның жалпы табысының 100% Компанияның акционеріне сатудан келеді. Түсімнің шоғырлануы туралы толық ақпарат 18-Ескертпеде берілген.

е) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімі аяқталған кезде оларды орындамау қаупі. Өтімділік тәуекелін сақтанып басқару ақша қаражаты мен өтімді бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін сақтауды, ашық кредиттік желілердің жеткілікті көлемі есебінен қаржыландыру көздерінің болуын және нарықтық позицияларды жабу мүмкіндігін көздейді. Компания қызметінің үздіксіздігі қағидатын одан әрі талқылау 2-Ескертпеде көрсетілген.

Төмендегі кестеде есепті күнге келісімшарттық өтеу күніне дейінгі қалған кезеңге сүйене отырып, Компанияның тиісті өтеу топтары бойынша қаржы міндеттемелеріне талдау келтірілген. Кестеде көрсетілген сомалар келісімшарттық дисконтталмаған ақша ағындары болып табылады. 12 ай ішінде өтелуге жататын қалдықтар баланстық құнға теңестіріледі, өйткені дисконттаудың әсері шамалы.

Мың қазақстандық теңгемен	Еск.	Баланстық құн	Шарттар бойынша ақша ағындары	1 жылдан кем	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
2024 ж. 31 желтоқсанға							
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	12	84,783,858	94,718,317	39,565,374	17,152,607	36,187,124	1,813,212
Жалдау бойынша міндеттемелер		2,226,323	2,148,215	708,213	667,854	772,148	-
Қаржы міндеттемелерінің жиыны		87,010,181	96,866,532	40,273,587	17,820,461	36,959,272	1,813,212
2023 ж. 31 желтоқсанға							
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	12	81,050,306	90,740,845	38,412,829	13,910,940	34,710,038	3,707,038
Жалдау бойынша міндеттемелер		2,289,777	2,399,540	649,001	615,980	1,134,559	-
Қаржы міндеттемелерінің жиыны		83,340,083	93,140,385	39,061,830	14,526,920	35,844,597	3,707,038

Қаржылық кепілдіктер бойынша кепілдендірілген міндеттемелердің мөлшері 11-Ескертпеде көрсетілген.

Капитал тәуекелін басқару

Компанияның қаржыландыру жөніндегі қызметіне қатысты шешімдер (меншікті немесе қарыз қаражаты арқылы) ERG басшылығы деңгейінде қабылданады. ERG-дің капиталды басқару жөніндегі мақсаттары - Компанияның акционерлері мен басқа да мүдделі тараптарға пайда әкелу үшін үздіксіздік қағидатына сәйкес өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету және капитал құнын төмендету үшін оңтайлы капитал құрылымын сақтау.

Капитал құрылымын сақтау немесе түзету мақсатында Компания акционерлерге төленетін дивидендтердің мөлшерін, акционерлердің капиталына түсетін пайданы түзете алады және қарыз капиталын азайту үшін активтерді сата алады.

Компания капиталды басқару шеңберінде келесі сомаларды ескереді:

Мың қазақстандық теңгемен	2024 ж.	2023 ж.
Жалдау бойынша міндеттемелер	2,226,323	2,289,777
Компания акционерлеріне тиесілі капитал	124,669,744	148,295,282
Капиталдың жиыны	126,896,067	150,585,059

26 Қаржы құралдарының әділ құны

Амортизацияланған құнмен есепке алынатын өзге қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

27 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2025 жылғы ақпанда Компания жалпы бақылаудағы компаниялармен 400,000 мың АҚШ долларына (200,988,000 мың теңге) дейінгі сомаға жаңа синдикатталған кредиттік желіні ашу туралы шартқа қол қойды. Шарттың қолданылу мерзімі - 2029 жылға дейін. Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесі АҚШ долларымен және еуромен - нарықтық.